

Пошта туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы N 386 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 498-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 09.04.2016 № 498-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Тақырыптағы және бүкіл мәтін бойынша «Почта», «почта», «почталық», «почтаның» деген сөздер тиісінше «Пошта», «пошта», «пошталық», «поштаның» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 03.07.2014 N 230-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «баршаға қолжетімді почта байланысы қызметін», «почта байланысының баршаға қолжетімді қызмет көрсетуі», «Почта байланысының баршаға қолжетімді қызметін», «Почта байланысының баршаға қол жетімді қызмет көрсетуінің» және «Почта байланысының баршаға қолжетімді қызмет көрсетуі» деген сөздер тиісінше «пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін», «пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері», «Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін», «Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің» және «Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 03.07.2014 N 230-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң пошта қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, пошта қызметі субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, пошта байланысы саласындағы мемлекеттік органдардың құзыретін белгілейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) абонементтік жәшік – пошта жөнелтілімдерінің жекелеген түрлерін алуға арналған, пошта операторының өндірістік объектілерінде орнатылатын, адресаттар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен пайдаланатын құлыпталатын а р н а й ы ж ә ш і к ;

2) абоненттік пошта жәшігі – адресаттар пошта жөнелтілімдерін алуы үшін тұрғын үйлерде, сондай-ақ ауылдық жерлердегі жеткізу учаскесінде

орнатылатын, жәшіктері бар құлыпталатын арнайы шкаф;

3) адресат – өзіне пошта жөнелтілімі немесе пошталық ақша аударымы бағытталған, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы;

4) атаулы зат – құжаттар мен пошта жөнелтілімдеріне пошта операторының, оның өндірістік объектісінің атауы, сондай-ақ пошта операторы айқындаған өзге де ақпарат көрсетілген бедерлерді салуға арналған құрылғы;

5) Дүниежүзілік пошта одағы – халықаралық пошта жөнелтілімдерімен өзара алмасу үшін аумақтары біртұтас пошта аумағын құрайтын мүше мемлекеттерден тұратын, мақсаты пошта байланыстарын ұйымдастыру мен жетілдіруді қамтамасыз ету және осы салада халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылатын халықаралық ұйым;

6) Дүниежүзілік пошта одағының актілері – Дүниежүзілік пошта одағының Конгресінде Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына сәйкес қабылданатын құжаттар ;

7) жазбаша хат-хабар – хаттар, пошта карточкалары, бандерольдер және ұсақ пакеттер ;

8) жауап қайтарылатын халықаралық коммерциялық хат-хабар – Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне сәйкес ресімделген, жөнелтуші алдын ала ақы төлеген қайтарылатын пошта жөнелтілімін қамтитын пошта жөнелтілімі;

9) жедел поштаның көрсетілетін қызметтері – пошта байланысының пошта жөнелтілімдерін жедел өңдеу, тасымалдау, жеткізу және (немесе) табыс ету режиміндегі көрсетілетін қызметтері;

10) жөнелтуші – пошта жөнелтілімін немесе пошталық ақша аударымын жіберу үшін оларды пошта операторына тапсыратын, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы;

11) курьерлік поштаның көрсетілетін қызметтері – пошта байланысының курьерді пайдалана отырып, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау және табыс ету бойынша көрсетілетін қызметтері;

12) қаржы қызметі және қаржылық көрсетілетін қызметтер – Ұлттық пошта операторы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы нарығында жүзеге асыратын және ұсынатын қызмет пен көрсетілетін қызметтер ;

13) мерзімді баспасөз басылымдарын жазылу бойынша тарату – мерзімді баспасөз басылымдарын пайдаланушыға жеткізуге және (немесе) табыс етуге бағытталған, оларға жазылуды қабылдау, тапсырыстарды жинау, жасақтау, өңдеу жөнінде пошта операторы, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иесі немесе оның уәкілетті тұлғасы мен пайдаланушы арасындағы өзара іс-қимыл;

14) операциялық күн – пошта операторының пошталық көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жұмыс уақыты;

15) операциялық терезе – пошта операторының өндірістік объектісіндегі пайдаланушыға пошталық көрсетілетін қызметтердің бір және одан көп түрі ұсынылатын жұмыс орны;

16) өндірістік объект – пошта операторының көрсетілетін қызметтерін ұсынуға арналған және сол үшін жабдықталған, пошта желісінің өндірістік бірлігі;

17) пошта – Қазақстан Республикасының аумағында пошталық, қаржылық және өзге де көрсетілетін қызметтер кешенін ұсынуды және қаржы қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін инфрақұрылым бөлігі;

18) пошта байланысы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өз құзыреті шегінде пошта байланысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, пошта операторларының қызметін мемлекеттік бақылауды, үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

19) пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері – көрсетілуі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің уәкілетті орган белгілеген сапа көрсеткіштеріне сәйкес жүзеге асырылатын, ортақ пайдаланылатын пошта байланысының көрсетілетін қызметтері;

20) пошта байланысының көрсетілетін қызметтері – пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымдарын жіберу жөніндегі қызмет;

21) пошта байланысының құралдары – пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну үшін пайдаланылатын техникалық құралдар мен технологиялар;

22) пошта жәшігі – жай хаттар мен жай пошта карточкаларын жинауға арналған, белгіленген түстегі, нысандағы және көлемдегі жәшік;

23) пошта желісі – пошта операторының көрсетілетін қызметтерін ұсыну кезінде пайдаланылатын өндірістік объектілер мен пошта маршруттарының жиынтығы;

24) пошта-жинақ жүйесі – базасында Ұлттық пошта операторы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы қызметін жүзеге асыратын және пошталық, қаржылық және өзге де көрсетілетін қызметтерді ұсынатын пошта жүйесі;

25) пошта жөнелтілімдері – жазбаша хат-хабар, сауқаттар, пошта контейнерлері, сондай-ақ тиісті орамадағы баспасөз басылымдары;

26) пошта жөнелтілімін жеткізу – пошта жөнелтілімін межелі жердегі өндірістік объектілерден абонементтік жәшікке немесе абоненттік пошта жәшігіне немесе жөнелтуші көрсеткен өзге де мекенжай бойынша апару;

27) пошта жөнелтілімін жіберу – пошта жөнелтілімін қабылдау, өңдеу, тасымалдау және (немесе) беру, жеткізу және (немесе) табыс ету

операцияларының жиынтығы;

28) пошта жөнелтілімін қабылдау – жөнелтушіден қабылдаған, оның ішінде пошта жәшіктерінен алу арқылы қабылданған пошта жөнелтілімін одан әрі жіберу үшін пошта операторының ресімдеуі;

29) пошта жөнелтілімін өңдеу – пошта жөнелтілімдерін жіберуге дайындауды қамтамасыз етіп, олармен жасалатын өндірістік операциялар;

30) пошта жөнелтілімін табыс ету – пошта жөнелтілімін адресаттың жеке өзіне немесе оның заңды өкіліне немесе сенімхат негізінде әрекет ететін сенім білдірілген адамына беру;

31) пошта жөнелтілімін тасымалдау – пошта жөнелтілімін адресатқа жеткізу және (немесе) табыс ету үшін жөнелту пунктiнен межелі жердегі пошта операторының өндірістік объектілеріне дейін апару;

32) пошта жүйесі – пошта байланысын қамтамасыз ететін пошта желілері мен пошта операторларының жиынтығы;

33) пошта индексі – пошта жөнелтілімін немесе пошталық ақша аударымын жіберуді жылдамдату мақсатында пошта операторларының өндірістік объектілеріне берілетін, оларды әкімшілік-аумақтық сәйкестендіруге және жүйелендіруге мүмкіндік беретін, мекенжайдың шартты цифрлық белгілемесі;

34) пошта карточкасы – арнаулы стандартты бланкіге жазбаша хабарлама жазылған жай немесе тіркелетін пошта жөнелтілімі;

35) пошта жұмысы – пошта желілері арқылы пошталық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

36) пошта жұмысы субъектілері – пошта операторлары және пайдаланушылар;

37) пошталық ақша аударымы – уәкілетті орган бекіткен, белгіленген үлгідегі бланк нысанын толтырып, пошта желісін және өзге де байланысты пайдалану арқылы ақша жіберу жөніндегі көрсетілетін қызмет;

38) пошталық қызмет – пошта операторлары ұсынатын, пошта байланысының көрсетілетін қызметтері;

39) пошталық мекенжай (бұдан әрі – мекенжай) – пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымдарын жеткізу және (немесе) табыс ету үшін пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы айқындайтын жер;

40) пошта операторы – пошта жұмысы саласында көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;

41) пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы (бұдан әрі – пайдаланушы) – пошта операторы ұсынатын, оның ішінде өзі пошта операторымен жасасатын шарттардың негізінде ұсынатын көрсетілетін қызметтерді тұтынушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

42) пошта төлемінің мемлекеттік белгілері – айналымға уәкілетті орган

енгізетін, пошта операторының көрсетілетін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын пошта маркалары, блоктар, маркалы конверттер, пошта карточкалары, франкирлеу машиналарының бедерлері және өзге де белгілер;

43) пошта штемпелі – құжаттар мен пошта жөнелтілімдеріне: жөнелтілу орнында пошта жөнелтілімін қабылдауды жүзеге асырған өндірістік объектінің атауын, пошта жөнелтілімінің қабылданған күні мен уақытын; межелі жерде пошта жөнелтілімін алуды жүзеге асырған өндірістік объектінің атауын, алынған күні мен уақытын, сондай-ақ пошта жөнелтілімін адресатқа жеткізген және (немесе) табыс еткен өндірістік объектінің атауын, жеткізілген және (немесе) табыс етілген күні мен уақыты көрсетілген бедерлерді салуға арналған құрылғы;

44) тағайындалған оператор – пошталық қызметтерді пайдалануды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Дүниежүзілік пошта одағының актілерінен туындайтын, өздеріне қатысты міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен уәкілетті орган тағайындайтын пошта операторы;

45) тариф – пошта операторының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеудің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшері;

46) тіркелетін пошта жөнелтілімі – жөнелтушіге түбіртек беріліп қабылданатын және адресатқа қолхат арқылы табыс етілетін пошта жөнелтілімі;

47) ұлттық пошта желісі – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жұмыс істейтін, сол арқылы жария шарт негізінде көрсетілетін қызметтер ұсынылатын ортақ пайдаланылатын пошта желісі;

48) Ұлттық пошта операторы – Үкімет шешімімен құрылған, ұлттық басқарушы холдинг жалғыз акционері болып табылатын, пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін, арнайы байланыстың көрсетілетін қызметтері мен қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсыну және қаржылық қызметті жүзеге асыру жөнінде міндеттемелер жүктелген акционерлік қоғам;

49) факсимильді байланыстың көрсетілетін қызметтері – қағаз жеткізгіште орындалған мәтіндер мен иллюстрацияларды арнаулы аппараттың көмегімен телефон арналары арқылы беруді білдіретін байланыстың көрсетілетін қызметтері;

50) франкирлеу машинасы – жазбаша хат-хабарға пошта байланысының көрсетілетін қызметтеріне ақы төленгенін, жазбаша хат-хабардың және басқа да ақпараттың қабылданған күнін растайтын бедерлер салуға арналған машина;

51) халықаралық қайтарым купоны – Дүниежүзілік пошта одағы айналымға енгізетін, Дүниежүзілік пошта одағына мүше кез келген елде пошта маркаларына айырбастауға жататын, әуе көлігімен жіберілетін, салмағы 20 грамға дейінгі жай халықаралық хаттың ең төмен ақысын білдіретін құжат;

52) халықаралық пошта алмасу орны — халықаралық кіріс және шығыс

пошта жөнелтілімдерін өңдеу жүзеге асырылатын, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдары көрсетілген жөнелтілімдерге кедендік бақылау жүргізетін, пошта операторының өндірістік объектісі;

53) халықаралық пошта жөнелтілімі – Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге жіберу үшін қабылданатын, Қазақстан Республикасының аумағына келіп түсетін не Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін және Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде көзделген құжаттармен бірге жүретін пошта жөнелтілімі;

54) халық салымдарының сақталуын қамтамасыз ету – пайдаланушы мен Ұлттық пошта операторы арасында жасалатын шарттың талаптарымен белгіленген сыйақы ескеріле отырып, салымды номиналды түрдегі қайтару к е п і л д і г і ;

55) хат – жазбаша салынымы бар конверт түрінде жіберілетін пошта ж ө н е л т і л і м і ;

56) электрондық поштаның көрсетілетін қызметтері – қағаз жеткізгіштерді қолданбай, пайдаланушыларға хабарлар немесе құжаттар алмасуға мүмкіндік беретін, байланыстың көрсетілетін қызметтері.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2014 N 230-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының пошта туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының пошта туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Пошта қызметінің негізгі принциптері

П о ш т а қ ы з м е т і :

- 1) заңдылықтың сақталуы;
- 2) пошта байланысының қызмет көрсетулеріне қолжетімді болуы;
- 3) пайдаланушылардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуы;
- 4) пошта жөнелтімдері қозғалысының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы еркіндігі, оның ішінде транзит еркіндігі;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың пошта байланысы мен осы қызметтің нәтижелерін пайдалану саласындағы құқықтарының теңдігі;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді ескере

отырып, пайдаланушылардың жазысқан хаттарының, пошта және өзге де хабарларының құпия болу құқығын қамтамасыз ету;

7) пошта желісінің сенімділігі мен тұрақтылығын және оның басқарылуын қамтамасыз ету;

8) пошта байланысы саласындағы ережелер мен талаптардың бірлігі;

9) ұлттық пошта желісінің және пошта-жинақтау жүйесінің дамуына мемлекеттік қолдау;

10) Ұлттық пошта операторы пошта-жинақтау жүйесінің салымдарына тартатын ақшаны орналастыру тәртібін мемлекеттік реттеу негізінде жүзеге асырылады.

4-бап. Пошта операторының қызметі мен қызмет көрсетуінің түрлері

1. Пошта операторлары мынадай қызмет пен қызмет көрсету түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) пошта байланысы қызметін көрсету;

2) қаржылық қызмет және қаржылық қызмет көрсету;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қызмет көрсету.

2. Пошта байланысының қызмет көрсетуіне:

1) пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері;

2) тіркелетін пошта жөнелтімдерін жіберу жөніндегі қызмет көрсету;

3) жедел және курьерлік пошта қызмет көрсетуі;

4) пошталық ақша аударымдары;

5) жаздырып алатын баспа басылымдарын тарату және оларды сату;

6) филателия өнімдерін сату;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес пошта байланысының өзге де қызмет көрсетуі жатады.

3. Қаржы қызметіне және қаржылық қызмет көрсетуге:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіптегі брокерлік, дилерлік және трансфер-агенттік қызмет;

2) зейнетақы төлемдері мен әлеуметтік жәрдемақыларды жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтер;

3) лизинг қызметін жүзеге асыру;

4) факторингтік операциялар;

5) форфейтингтік операциялар;

б) жеке және заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу;

7) кассалық операциялар;

8) аударым операциялары;

9) банкноттарды, монеталарды және құнды заттарды инкассациялау;

- 10) шетел валютасын айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- 11) заңды тұлғалардың тапсырмасы бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің чектерімен мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған есеп айырысуларды жүзеге асыру;
- 12) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің чектері бойынша ақшаны қолма-қол алу бөлігінде ақылылық, жеделдік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер беру;
- 13) корреспонденттік шоттарды ашу және жүргізу;
- 14) алып тасталды - ҚР 09.04.2016 № 496-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1 5) < * >

- 16) төлем карточкаларын шығару;
- 17) өзінің бағалы қағаздарының (акцияларды қоспағанда) эмиссиясы;
- 18) қарыз операциялары: ақылы, мерзімді және қайтарымды шарттарда ақшалай нысанда кредиттер беру жатады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.07.08. № 69, 2005.12.23. № 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.02.13 № 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 496-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Пошта операторлары

1. Пошта операторларында қажетті материалдық-техникалық база мен білікті кадрлар, механикаландыру, автоматтандыру және ақпараттандыру құралдары болуға, пайдаланушылар үшін пошта жөнелтімдерін Қазақстан Республикасының ішінде және одан тыс жерлерге жіберудің тарифтері, мерзімдері туралы ақпарат, сондай-ақ өзге де ақпарат беруге тиіс.

2. Пошта операторларының пошта байланысы қызметін көрсету жөніндегі қызметі пошта байланысы қызметін көрсету ережелеріне сәйкес бірыңғай нормативтер мен талаптар бойынша жүзеге асырылады.

3. Пошта операторлары пайдаланушылардан қабылданған поштажөнелтімдері мен пошталық ақша аударымдарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Пошта операторлары пошта жөнелтімдері, пошталық ақша аударымдары, жөнелтушілер және адресаттар туралы мәліметтерді тек жөнелтушілер мен адресаттарға не олардың заңды өкілдеріне немесе сенімхат негізінде сенім көрсетілген адамдарына береді. Аталған мәліметтерді өзге жеке және заңды

тұлғаларға беру Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

5. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін көрсететін поштаоператоры көлігінің пошта жөнелтімдерімен алмасу үшін автомобиль, теміржол, су көлігі станцияларының және вокзалдардың, әуежайлардың аумақтарында орналасқан жүк және багаж кешендеріне өтуі бірінші кезекті тәртіппен және ақы төленбей жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 215, 237, 238 және 240-баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар жеке тұлға немесе құрылтайшысы немесе қатысушысы осындай жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар жеке тұлға болып табылатын заңды тұлға не бенефициарлық меншік иесі осындай жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар жеке тұлға болып табылатын заңды тұлға пошта операторы бола алмайды (заңды тұлғаның акцияларын (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) тікелей және (немесе) жанама иелене, пайдалана, оларға билік ете және (немесе) оларды басқара алмайды).

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.08.2015 № 343-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-бап. Ұлттық пошта операторы

1. а л ы п т а с т а л д ы

2. Ұлттық пошта операторы:

1) уәкілетті органның бекітуіне пошта операторларының өндірістік объектілеріне пошта индекстерін беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) уәкілетті орган бекітетін түрлер мен көлемге сәйкес пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін шығаруды ұйымдастырады, сондай-ақ оларды сатуды жүзеге асырады;

3) халықаралық қайтарым купонын төлемге қабылдауға міндетті;

4) жергілікті атқарушы органдармен келісе отырып, әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы пошта жәшіктерінің санын және орналасатын жерлерін белгілейді;

5) өз қызметкерлерін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен нысанды киіммен қамтамасыз етуге құқылы;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін лицензия негізінде жүзеге асырылатын жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауды, олардың банк шоттарын ашуды және жүргізуді қоспағанда, осы Заңның 4-бабының 3-тармағында көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін лицензиясыз жүзеге асырады.

Ұлттық пошта операторының жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, олардың банк шоттарын ашу және жүргізу жөніндегі қызметін Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі реттейді, соның ішінде жекелеген пруденциялық нормативтерді белгілеу және лицензиялар беру арқылы реттейді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық пошта операторының қаржылық қызметті жүзеге асыруы және қаржылық қызметтер ұсынуы кезінде оның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

Уәкілетті орган Ұлттық пошта операторының пошта байланысы қызметтерін жүзеге асыруы кезінде оның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

3. Мемлекет Ұлттық пошта операторы жедел депозиттерге тартатын халықтың салымдарының сақталуын оларды мемлекеттік бағалы қағаздарға және өзге де өтімді қаржы құралдарына орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

4. Ұлттық пошта операторы туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.10. № 483, 2005.12.23. № 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. № 178, 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-1-бап. Тағайындалған оператор

1. Тағайындалған оператор:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық елді мекендерде барлық пайдаланушылар үшін пошта байланысының сапалы көрсетілетін қызметтерін тұрақты негізде көрсетуді;

2) жазбаша хат-хабарды қабылдауды, өңдеуді, тасымалдауды және жеткізуді;

3) салмағы 20 килограмға дейінгі сауқаттарды қабылдауды, өңдеуді, тасымалдауды және жеткізуді;

4) жауап қайтарылатын халықаралық коммерциялық хат-хабарды қайтаруды;

5) Дүниежүзілік пошта одағына мүше басқа да елдердің тағайындалған операторларының халықаралық пошта жөнелтілімдерінің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Тағайындалған оператор Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне сәйкес пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін жүзеге асырады.

3. Тағайындалған оператор Дүниежүзілік пошта одағының актілерінен және осы баптың 1-тармағынан туындайтын міндеттемелерді орындамаған кезде

уәкілетті орган пошта операторынан тағайындалған оператордың өкілеттігін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен кері қайтарып алады.

Ескерту. Заң 6-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2014 N 230-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Пошта байланысы қызметін көрсету ережесі

Пошта байланысы қызметін көрсету ережесінде:

1) пайдаланушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі, оның ішінде мүгедектердің пошта байланысының көрсетілетін қызметтеріне кедергісіз қол жеткізуі жөніндегі талаптар;

2) пошта операторларының атаулы заттарын пайдалану тәртібі;

3) пошта жөнелтімдерін ресімдеу стандарттары;

4) пошта жөнелтімдерінің түрлері және олардың техникалық сипаттамалары;

5) пошта жөнелтімдерін және (немесе) пошталық ақша аударымдарын қабылдау, сұрыптау, тасымалдау және (немесе) беру, жеткізу және (немесе) табыс ету тәртібі;

6) халықаралық пошта жөнелтімдерін қабылдау, сұрыптау және табыс ету тәртібі;

7) пошта жөнелтімдерін алу, сұрыптау және тексеру тәртібі;

8) пошта жөнелтімдерін сақтау мерзімдері;

9) пошта жөнелтімдерінің қосымша жіберілу және қайтарылу шарттары;

10) операциялық күнді өткізу тәртібі;

11) пошта жөнелтімдерін кідірту, қарау және алу тәртібі;

12) пайдаланушылардың өтініштері мен шағымдарын қарау тәртібі;

13) пошта желілері арқылы жіберуге тыйым салынатын және шектеу қойылатын бұйымдар мен заттардың тізбесі;

14) пошта қызметін көрсетуге байланысты осы Заңда көзделмеген өзге де өзге ережелер болуға тиіс.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Пошта байланысы саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен поштақызметін жүзеге асыруға байланысты үкіметаралық келісімдерді жасасады;

2-1) операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу тәртібін бекітеді;

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алып тасталды;

5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

2. Уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының аумағында пошта байланысы саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

2) пошта байланысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

3) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) алып тасталды - 2006.01.10. № 116 Заңымен.

6) алып тасталды - 2006.01.10. № 116 Заңымен.

7) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) Ұлттық пошта операторының ұсынысы бойынша пошта төлемінің мемлекеттік белгілерінің түрлері мен шығарылу көлемін бекітеді;

9) пошта төлемі белгілерінің мемлекеттік коллекциясын қалыптастырады;

10) Ұлттық пошта операторының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы пошта байланысының өндірістік объектілеріне пошта индекстерін береді;

11) пошта байланысы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

12) алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13) пошта байланысы көрсететін қызметті ұсыну жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

14) алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16) Ұлттық пошта операторы қызметкерлерінің нысанды киімінің (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін, онымен қамтамасыз ету нормасын бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының пошта әкімшілігі ретінде әрекет етеді және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өкілеттік шегінде басқа мемлекеттердің пошта әкімшіліктері мен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы кезінде Қазақстанның пошта байланысы саласындағы мүдделерін білдіреді және қорғайды;

18) франкирлеу машиналарын қолдануға рұқсат беру тәртібін, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібін белгілейді.

1 9) < * > ;

20) кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық пошта операторының немесе пошта операторларының өтініштері бойынша халықаралық пошта алмасу орындарын бекітеді;

20-1) операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу тәртібін әзірлейді;

20-2) операторды тағайындайды және тағайындалған оператордың өкілеттігін кері қайтарып алады;

20-3) пошта жөнелтілімдерінде пошта мөртабанын қолдану тәртібін бекітеді;

20-4) пошта желілері арқылы жіберілуге тыйым салынған бұйымдар мен заттардың тізбесін бекітеді;

20-5) пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларын бекітеді;

20-6) пошта желілері арқылы жіберу шектелген бұйымдар мен заттардың тізбесін бекітеді;

21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары:

1) пошта операторларына өздерінің аумағында өндірістік объектілерді орналастыруға жәрдемдеседі, сондай-ақ пошта операторларының өндірістік объектілері үшін тұрғын үйлерге жатпайтын үй-жайлар бөлу мәселелерін қарайды;

2) әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында пошта байланысының тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдеседі;

3) Ұлттық пошта операторымен бірлесіп, әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы пошта жәшіктерінің санын және орналасатын жерлерін белгілейді, тұрғын үйлерді пайдаланатын тұрғындар мен ұйымдардың абоненттік пошта

жәшіктерін тиісінше пайдалануын қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10 № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 № 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 N 230-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Пошта байланысы саласында қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті лицензиялау

Ескерту. 9-бап алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Пошта байланысының қызмет көрсетуінің тарифтері

1. Пошта байланысы көрсететін қызмет тарифтері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің тарифтері Қазақстан Республикасының заң актілерімен реттеледі.

2. Пайдаланушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жеңілдіктердің берілуіне байланысты пошта операторының шығыстарын өтеу мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

11-бап. Пошта байланысы қызметін көрсету кезіндегі шектеулер

1. Пошта жөнелтімдерінен табылған жіберуге тыйым салынған бұйымдар мен заттарды пошта операторлары сол жерде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен алып қояды.

2. Пошта жөнелтімдерін кідіртуге, қарауға және оларды алып тастауға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жол беріледі.

12-бап. Тапсырысты пошта жөнелтімдері

1. Жазбаша хат-хабар мен пайдаланушының қалауы бойынша қағазға басылып шығарылған электрондық пошта хабарлары тапсырысты пошта

жөнелтімі түрінде жіберілуі мүмкін.

2. Тапсырысты пошта жөнелтімін пошта операторы көрсетілетін қызмет үшін алдын ала ақы алып қабылдайды және оған түбіртек береді.

13-бап. Құндылығы жарияланған пошта жөнелтімдері

1. Бағалы қағаздар, құжаттар немесе бағалы заттар бар пошта жөнелтімдері құндылығы жарияланған тіркелетін пошта жөнелтімдеріне жатады.

2. Пайдаланушылар құндылығы жарияланған пошта жөнелтіміндегі салым құндылығының сомасын пошта байланысының қызмет көрсетуінің ережелеріне сәйкес өздері дербес айқындайды және буып-түю түрін тандап алады.

3. Жөнелтуші құндылығы жарияланған пошта жөнелтіміне ақыны поштаоператорының түбіртегін ала отырып, алдын ала төлейді.

14-бап. Пошта жөнелтімін алғаны туралы хабарлама

1. Тапсырысты пошта жөнелтімін немесе құндылығы жарияланған пошта жөнелтімін жіберу кезінде жөнелтуші адресаттың пошта жөнелтімін алғаны туралы өзіне хабарлама жіберуді талап етуге құқылы.

2. Адресаттың пошта жөнелтімін алғаны туралы хабарламаның тарифін жөнелтуші пошта операторының түбіртегін ала отырып, алдын ала төлейді.

15-бап. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері

1. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері пошта операторының пайдаланушылардың пошта жәшіктерінен жиналған және (немесе) операциялық терезелерден қабылданған жай хаттарын, пошта карточкаларын және бандерольдерін жіберу жөніндегі қызмет көрсетуін білдіреді.

1-1. Пошта операторының пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсынуы уәкілетті орган бекіткен, пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің қолжетімділігіне, сапасы мен бағасына пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын талаптар белгіленетін, пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Пошта жөнелтімінде пошта төлемақысының немесе белгіленген тарифтің ішінара төленгенінің мемлекеттік белгілері болмаған жағдайда, пошта операторы мұндай пошта жөнелтімін жөнелтушіге қайтаруға құқылы. Жекелеген жағдайларда пошта жөнелтімі адресатқа жөнелтушінің жеткізу және (немесе) табыс ету кезінде белгіленген тарифке дейін жеткізіп төлеуді жүзеге асыру ұсынысымен жеткізілуі мүмкін.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 N 230-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Пошта жөнелтімін қайтару, мекенжайды өзгерту немесе түзету

1. Жөнелтуші пошта жөнелтімі:

1) адресатқа берілмеген;

2) тыйым салынған салымдар үшін тәркіленбеген немесе жойылмаған;

3) жеткізілетін елдің заңдары негізінде алып қойылмаған жағдайларда пошта операторына пошта жөнелтімін қайтару, мекенжайды өзгерту немесе түзету туралы талаппен жүгінуге құқылы.

2. Пошта жөнелтімін қайтару, мекенжайды өзгерту және түзету жөнелтуші қосымша ақы төлеген кезде жүзеге асырылады.

17-бап. Пошта қауіпсіздігінің күзет бөлімшелері

Пошта операторлары Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңдарына сәйкес пошта операторына оның пошта қызметін жүзеге асыруына байланысты сеніп тапсырылатын пошта жөнелтімдерінің және пошталық ақша аударымдарының сақталуын, жазысқан хаттардың, пошта және өзге де хабарламалардың құпиялылығын қамтамасыз ететін, пайдаланушылар мен қызметкерлердің, сондай-ақ пошта операторы мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдай (режим) жасайтын пошта қауіпсіздігінің күзет бөлімшелерін құруға құқылы.

18-бап. Пошта қызметін көрсету кезінде міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылық

1. Пошта операторы пошта жөнелтімін қабылдап алған кезден бастап алушыға берген кезге дейін оның сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Пошта операторы:

1) салым жоғалған, жетіспеген немесе тіркелетін пошта жөнелтімі зақымданған (бүлінген);

2) пошта жөнелтімін жіберудің бақылау мерзімдері бұзылған жағдайларда жауапты болады.

2-1. Жіберуге тыйым салынған және шектеу қойылған бұйымдар мен заттарды пошта арқылы жіберуге кінәлі пошта байланысы қызметін пайдаланушылар, егер осылай жіберудің салдары қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауаптылықта болады.

3. Салымның жоғалғаны, жетіспегені немесе пошта жөнелтімінің зақымданғаны (бүлінгені) үшін пошта операторы мынадай мөлшерде:

1) құндылығы жарияланған пошта жөнелтімінің жоғалғаны немесе түгелдей зақымданғаны (бүлінгені) үшін - жарияланған құндылығы және жіберу үшін төленген тариф мөлшерінде;

2) салым тізімдемесімен бірге жіберілген кезде салымның жетіспегені,

құндылығы жарияланған пошта жөнелтімдері салымының бір бөлігінің жоғалғаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін - жөнелтуші тізімдемеде көрсеткен салымның жетіспеген, жоғалған немесе зақымданған (бүлінген) бөлігінің жарияланған құндылығы мөлшерінде;

3) салым тізімдемесіз жіберілген кезде салымның жетіспегені, құндылығы жарияланған пошта жөнелтімі салымының бір бөлігінің жоғалғаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін - салымның жетіспеген, жоғалған немесе зақымданған (бүлінген) бөлігі массасының, жіберілген салым массасына (пошта жөнелтімі орамының массасынсыз) қатынасына барабар түрде оның нақты құнына қарамастан анықталатын пошта жөнелтімі бөлігінің жарияланған құндылығы мөлшерінде;

4) өзге де тіркелетін пошта жөнелтімін жоғалтқаны үшін - төленген тарифтің екі еселенген сомасы мөлшерінде;

5) пошталық ақша аударымын жоғалтқаны үшін - пошталық ақша аударымының сомасы және жіберу үшін төленген тариф мөлшерінде жауапты болады.

4. Пайдаланушылардың пошта жөнелтімдері мен пошталық ақша аударымдарын жіберудің бақылау мерзімдерін бұзғаны үшін пошта операторы кідірітілген әрбір күн үшін төленген тарифтің үш проценті мөлшерінде, бірақ көрсетілген қызмет үшін төленген тариф сомасынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Пошта жөнелтімін әуе көлігімен жіберудің бақылау мерзімдерін бұзғаны үшін пошта операторы пайдаланушыға әуе және жер үсті көлігімен жіберу үшін төленетін ақы тарифтерінің арасындағы айырмашылықты төлейді.

5. Егер міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамау ырық бермейтін күштің немесе пошта жөнелтіміндегі салымның ерекше қасиеттерінің салдарынан болғаны дәлелденсе, пошта операторы салымның жоғалғаны, жетіспегені немесе тіркелетін пошта жөнелтімінің зақымданғаны (бүлінгені), пошта жөнелтімін жіберудің бақылау мерзімдерін бұзғаны үшін жауаптылықтан босатылады.

6. Пошта операторы пошта қызметін көрсету жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

7. Пайдаланушылар:

1) ерекше қасиеттеріне орай пошта желілері арқылы жіберуге тыйым салынған немесе шектеу қойылған бұйымдар мен заттарды поштажөнелтіміне салудың салдарынан;

2) пошта желілері арқылы жіберуге қабылданған салымның тиісінше

буып-түйілмеуі салдарынан туындап, пошта операторына келтірілген зиян үшін
жауапты болады.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.15 № 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Қазақстан Республикасының пошта туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының пошта туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК